

Аманкелді арайы

аудандық апталық газет
e-mail: amangeldy-arai@mail.ru



А.Иманов

ҚАРИЯЛАР МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ



Халқымыз ежелден қарияларын қадірлеп, ардагерлерін ардақтай білген. Сондықтан да, «Қарияға құрмет - жастарға міндет» деп кейінгі ұрпақтың жауапкершілігін арттырған. Біздің ауданымызда да өнегелі қариялар аз емес, олардың алды кеше Ұлы Отан соғысында Отанымызды жаудан қорғаса, енді біразы тылда еңбек етіп, жеңісті жақындатуға үлес қосты. Соғыс аяқталған соң олар бейбіт еңбекте де алғы шептен көрінді.

Ауданымызда ардагерлерді ардақтау жақсы жолға қойылған. Оларға құрмет айтарлықтай. Түрлі жиындарда төрде солар отырады. Құрмет те ең алдымен соларға көрсетіледі. Олардың өмірлік бай тәжірибелері - жастарға тағылымды бір мектеп.

Қариялар мерекесі биылғы жылы жоғары деңгейде аталып өтті. Аудандық мәдениет үйінде

өткен салтанатты жиналыста өңір басшысы Н.Қ.Өтегенов ардагерлерді төл мерекелерімен құттықтап, оларға зор денсаулық, баянды бақыт және ұрпақ қызығын тіледі.

Мұнан соң аудан өнер шеберлері жиынға қатысқан ардагерлерге арнап концерт көрсетті.

Рәсім соңынан рәсімге қатысқан барлық ардагерлерге «Ақниет» тойханасында дастархан жайылып, құрмет көрсетілді.

Аталарымыз бен әжелеріміз жастардың өздеріне көрсеткен бұл құрметіне риза болысты. Қазіргі күні ауданымызды өркендетуге әр салада лайықты үлес қосып жүрген буынға өздерінің ақ тілектерін арнап, ақ баталарын берді.

Суретте: Қариялар күні мерекесіне арналып Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінде өткен салтанатты жиыннан көрініс.



АУДАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

БИЗНЕС-САБАҚТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ

Жақында аудандық кәсіпкерлер палатасында кәсіпкерліктің жедел курсы негізінде тегін бизнес-сабақтары өткізілді. Сабақты облыстық кәсіпкерлер палатасының бизнес-оқытушысы Руслан Есжанов өткізді.

Сабақта «Бизнес неден басталады?», «Бизнес-жоспар қалай жасалады?», «Несие алуға арналған бизнес-жоспар», «Инвесторлардың қаржысын тартуға арналған бизнес-жоспар», «Бизнес-жоспар қандай бөлімдерден тұрады?», «Кәсіпкерліктің түрлері», «Жеке кәсіпкерлік», «Толық серіктестік», «Жауапкершілігі шектеулі серіктестік», «Өндірістік кооператив», «Шаруа қожалығы», «Занды тұлғаны қалай тіркеуге болады?», «Патентті қалай алуға болады?», «Шарт дегеніміз не?», «Маркетинг құралдары», «Кәсіпкерлерге арналған қаржы», «Несие түрлері», «Қызметкерлерді таңдауды қалай жүргізу керек?» және басқа да тақырыптар кеңінен сөз болды.

Р.Есжанов екі күн бойы өткізген сабағында кәсіпкерлікпен айналысуды бастағалы отырғандардың сұрақтарына да жауап берді.

Бизнес-сабағы аяқталған соң оған қатысқандарға арнайы сертификат тапсырылды.

ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІК

Мен аудандық ішкі істер бөлімінен зейнеткерлікке шығысымен биылға дейін Астана қаласына барып, қызмет жасадым. Себебі, балаларымды оқыту керек болды. Оған қосымша қаржы табу үшін зейнеткерлікке шықсам да Астанада күзет бөлімінде қызмет жасадым. Балаларым аяқтанған соң биыл үйіме оралған болатынмын. Аудандық ішкі істер бөлімінің басшылығы мені биылғы Қарттар күні мерекесіне шақырды. Зейнеткер әріптестеріммен бірге салтанатты рәсімге қатыстым. Аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы М.М.Сарбозов пен ішкі істер бөлімі ардагерлер ұйымының төрағасы Ж.Шошақов бізді мерекемен құттықтап, табыс тіледі. Бөлім басшысы ақшалай сыйлық тапсырды. Одан соң дастархан жайып, құрмет көрсетті. Мұндайды бұрын көрмеген мен осы шарадан қуанып қайттым. Біз, қарттар жас полицейлерге өзіміздің ақыл-кеңесімізді бердік. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы емес пе?!

Шамшиден ҚОЗБАҚОВ,
еңбек ардагері, зейнеткер.

ІРІ ҚАРАЛАРЫМЫЗДЫ ТЕГІН БАҒЫП ОТЫР

Ауданымызда өндірістік кооперативтердің құрылуы өз жаңалығын ала келді. Олар біздің мөлтек ауданымыздағы ірі қараларды заңды түрде тегін бағымға алуды қамтамасыз етіп отыр. Күнде таңертеңгілік қолдағы сауын сиырларымызды бақташылардың алдына салып береміз. Кешке жақын сиырлар өрістен қайтқанда алдынан шығып, үйімізге кіргізіп аламыз.

Біздің сиырларымызды тегін бағуды қамтамасыз етіп отырған Еламан Аюпов деген азамат. Ол Сағатбай Жұмабекұлы, Нұрлан Көшманұлы деген екі азаматқа мініс аттар беріп, сиырларымызды тегін бақтыруда. Бұл - біз үшін бір қамқорлық деп білеміз.

Еламан сиырларды бағатын екі бақташыға көк шөп пен жем түсіріп беріп отырады. Бұрынғыдай емес, сиырларымыз шашау шықпайтын болды. Бұзауларымызды көшеге бос қоя бермей, қолда бағып отырымыз. Алдағы уақытта аудан орталығында осындай өндірістік кәсіпорындар көптеп құрылса, село тұрғындарының ірі қара малдары көше кезіп, маңайды бүлдіріп жүрмес еді. Кооперативтердің пайдасының молдығын ескеріп, селолық әкімдік оларды құруды көптеп жүзеге асырса, екі жаққа да тиімді болатынына сөз жоқ.

Боранбай АТАБАЕВ,
село тұрғыны.

◆ БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛЫМ - 2017!

ӨЗ ГАЗЕТІҢІЗ — ӘР ҮЙДЕ БОЛСЫН, АҒАЙЫН!

Құрметті оқырман! Қазіргі күні еліміз бойынша 2017 жылдың мерзімдік баспасөзіне жазылу науқаны басталды.

«Аманкелді арайы» газетінің 2017 жылға жылдық жазылу бағасы төмендегідей болып белгіленді:

Жеке тұлғаларға:

1. 1 жылға — 3 500 теңге
2. 6 айға — 2 000 теңге

Занды тұлғаларға:

1. 1 жылға — 4 000 теңге
2. 6 айға — 2 200 теңге

Құрметті оқырман! Сіздерді өздеріңіздің төл газеттеріңіз — «Аманкелді арайына» бір кісідей ұйымшылдықпен жазылады деп сенім білдіреміз.

Құрметпен - «АА» газеті редакциясы

Амангелді аудандық прокуратурасымен 2016 жылдың 9 айында Амангелді ауданының аумағында құқықтық тәртіп пен заңдылықты қадағалау қызметінде атқарылған жұмыстар

Амангелді аудандық прокурату-расымен 2016 жылдың 9 айында Амангелді ауданының аумағында құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында тиісті прокурорлық қадағалау іс-шаралары жүзеге асырылды.

Атап айтқанда, Қазақстан Ре-спубликасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 2 қыркүйектегі №85 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік-экономикалық сала-дағы заңдардың қолданылуын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты» талап-тарына сәйкес, аудандық прокура-турамен әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау бойынша жүргізілген 17 тексерудің нәтижесінде заңдылықтың бұзылуының 91 фактісі анықталды.

Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 17 ұсыныс және 7 наразылық енгізілді, 2 қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Аталған прокурорлық қадағалау актілерін қарау нәтижесімен 42 тұлға тәртіптік, 14 тұлға әкімшілік және 24 тұлға материалдық жауапкершілікке тартылды, 37 заңсыз актінің күші жой-ылды немесе өзгертілді, 14 азаматтың конституциялық құқықтары қорғалды. Аудандық прокуратураның ықпал ету іс-шаралары негізінде жалпы сомас-сы 3 183 489 теңге, соның ішінде мемлекет кірісіне 3 035 019 теңге өндірілді.

Сонымен қатар, кәсіпкерлікті қорғау туралы заңнаманың сақталуын қадағалау саласы бойынша 2 тексеріс жүргізіліп, 4 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 1 ұсыныс енгізілді.

Прокурорлық қадағалау актісін қарау нәтижесімен 3 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартыл-ды, 7 кәсіпкердің конституциялық құқықтары қорғалды.

Сонымен бірге, жер туралы заңнаманың сақталуын қадағалау саласы бойынша 2 тексеріс жүргізіліп, 7 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойын-ша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 2 ұсыныс енгізілді.

Прокурорлық қадағалау актілерін қарау нәтижесімен кадастрлық құны 1 848 767 теңге құраған жалпы аумағы 706,2 га құраған 11 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды, 1 тұлға тәртіптік және 2 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 36 заңсыз актінің күші жойылды не-месе өзгертілді.

Сондай-ақ, денсаулық сақтау туралы заңнаманың сақталуын қадағалау саласы бойынша 1 тексеріс жүргізіліп, 5 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 3 ұсыныс енгізілді.

Прокурорлық қадағалау акті-лерін қарау нәтижесімен 6 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тар-тылды, жалпы сомасы 196 327 теңге, соның ішінде мемлекет кірісіне 47 857 теңге өндірілді.

Кәмелетке толмағандар және білім туралы заңнаманың сақталуын қадағалау саласы бой-ынша 1 тексеріс жүргізіліп, 4 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою тура-лы 2 ұсыныс және 1 наразылық енгізілді, 2 қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Прокурорлық қадағалау акті-лерін қарау нәтижесімен 6 тұлға тәртіптік және 2 тұлға материалдық жауапкершілікке тартылды, мем-

лекет кірісіне жалпы сомасы 1 682 676 теңге өндірілді. Аудандық прокуратурамен атқарушылық өндірісінің заңдылығына қатысты сұрақ бойынша барлығы 8 тек-серу жүргізілді. Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 4 ұсыныс енгізілді.

Аудандық прокуратурамен енгізілген прокурорлық ықпал ету актілері бойынша жалпы сомасы 4 553 439 теңгені құраған 5 атқару құжаты орындалды, 1 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тар-тылды.

Қылмыстық істерді тергеп-тексе-ру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 190, 302, 305, 528-баптары тәртібінде сотқа 24 тұлғаға қатысты 18 іс жолданды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексе-ру заңдылығына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру нәтижесінде қылмысты қудалау органдарының өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша 10 жазбаша нұсқау берілді, анықталған заң бұзушылықтар бойынша 7 прокурорлық ықпал ету актісі енгізілді, оларды қарау нәтижесінде қылмысты қудалау органдарының 8 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

2016 жылдың 9 айында Аман-гелді аудандық сотымен 24 сотталушыға қатысты барлығы 18 қылмыстық іс қаралған. Олардың ішінде 11 сотталушыға қатысты 7 қылмыстық іс бойынша айыптау үкімі шығарылса, 13 сотталушыға қатысты 11 қылмыстық іс бой-ынша акталмайтын негіздермен қысқарту туралы қаулылар шығарылған.

Аудандық сот қараған барлық қылмыстық істер бойынша мемлекеттік айыпты қолдау 100 %-ға қамтамасыз етілді.

Қаралып отырған мерзімде мемлекеттік айыптаушының айыпты қолдаудан бас тарту фактілері орын алмаған. Соны-мен бірге, қылмыстық істер акту негіздерінде қысқартылмаған және ақтау үкімдері шығарылмаған.

Сондай-ақ, аудандық сотпен прокурордың қатысуы міндетті санаттағы барлығы 1 азаматтық іс қаралды.

Азаматтық істерді қарау нәтижесінде шығарылған сот шешімдеріне аудандық про-куратурамен апелляциялық наразылықтар келтірілмеген, сонымен қатар сот актілері тараптардың шағымдары бойынша бұзылмаған және өзгертілмеген.

2016 жылдың 9 айында аудандық сотта прокурордың қатысуы міндетті санаттағы 44 тұлғаға қатысты барлығы 44 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау нәтижесінде шығарылған сот актілерін зер-делеумен заңсыз сот актілері анықталмаған.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 06 қаңтарындағы №7 бұйрығымен бекітілген «Ұсталған, қамауға алынған және қылмыстық жазаны өтеуші адамдардың құқықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы Нұсқаулығына» сәйкес, аудандық прокуратурамен 32 тексеру жүргізілді.

Амангелді аудандық проку-ратурасымен алдағы уақытта да аудан аумағында заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына тиісті прокурорлық қадағалау жүзеге асырылады.

А.ТЕНТЕКОВ,
Амангелді ауданының прокуроры
әділет кеңесшісі

Амангелді аудандық проку-ратурасына Амангелді ауданы Амангелді селосының тұрғыны К.-ның Амангелді АІП-нің по-лиция қызметкерлері А., Б. және В. 2016 жылдың 21 қаңтары күні сағат шамамен 23:00-ден кейін оған және жолдасы С.-қа қатысты өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдала-нып, бір жарым сағат жалаң аяқ қарға тұрғызу фактісі бойынша арызды түсіп, ол арыз сол күні аудандық прокуратураның АЕК-да тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу үшін Арқалық аймағы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ауданаралық бөліміне жолданды.

Аталған факті бойынша көрсетілген қылмыстық қудалау органымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілді.

11.05.2016 жылы аудандық прокуратурамен қылмыстық іс негізімен қарау үшін Амангелді аудандық сотына жолданды.

Аудандық соттың 20.06.2016 жылғы үкімімен АІП-нің

ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ СОТТАЛДЫ

қызметкерлері А., Б. және В. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 362-бабы 4-бөлігінің 1-тармағымен қарастырылған қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, әр қайсысы сәйкесінше 5 жыл 6 ай-дан 6 жылға дейін мерзімге шынайы бас бостандығынан айырылып, жа-заларын жалпы режимдегі түзеу ко-лониясында өтеу белгіленді.

Қылмыстық кодекстің 50-бабы-на сәйкес, олардың әр қайсысы сәйкесінше 6 жылға, 5 жылға және 5 жылға құқық қорғау органдарын-да лауазымдарды атқару құқығынан айырылды.

Қылмыстық кодекстің 49-бабы-на сәйкес, олардың әр қайсысы сәйкесінше полиция сержанты, по-лиция лейтенанты және полиция аға лейтенанты арнаулы атақтарынан айырылды.

Қостанай облыстық соты-ның қылмыстық істер жөніндегі сот

алқасының 01.09.2016 жылғы қаулысымен А., Б. және В. қатысты аудандық соттың 20.06.2016 жылғы үкімі өзгертіліп, Б.-ға Қылмыстық кодекстің 55-бабының 4-бөлігінің 4-бөлігі қолданылып, оған түпкілікті Қылмыстық кодекстің 362-бабының 4-бөлігінің 1-тармағымен 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылды.

Сонымен қатар, сотталғандар А.-ның, В.-ның, олардың қорғаушысының апел-ляциялық шағымдары қанағаттандырусыз қал-дырылды.

Сотталған Б.-ның, қорғаушының апелляциялық шағымдары ішінара қанағаттандырылды.

Қаулы 09.09.2016 жылы заңды күшіне енді.

Амангелді аудандық прокуратурасы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен ла-уазымды қылмыстар жатады. Басқару органдарындағы сыбайлас жемқорлық, қоғамдық өзекті мәселелер, осы әлеуметтік қауіпті құбылыспен күрес бірқатар мән-жайларға байланысты. Сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соғады. Барлық мемлекет қызметшілеріне және құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің лауазымды адамдарына кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді басқару органдарына, акы төленетін қызметтер атқаруға тиым салынаты-ны көрсетілген. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар үшін өз құзіреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестиция-лар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институтта-

рына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы биыл-да «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың ба-сты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбай-лас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын таба-ды деген сөз. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесінің қалыпты, заңды қызмет жасауына кедергі келтіреді. Бірқалыпты дұрыс қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың қызметі ғана қоғамның экономикалық даму-ына, оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті. Жалпы сыбай-лас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың

ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі жан-дүниесін ұдайы таза, адал болып, қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосуы керек.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып та-былады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жокқа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Ж.ӘУБӘКІР,
аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары.

2016 жылдың 4 тоқсанында «Амангелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ			
Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның аты-жөні	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Байланыс телефоны
Н.Қ.Өтегенов	Аудан әкімі	05 қазан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-1-00
Т.Т.Карбозов	Әкімнің орынбасары	06 қазан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-3-00
М.Д.Қаласов	Әкімнің орынбасары	11 қазан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-5-00
С.У.Хайруллин	Әкімнің орынбасары	12 қазан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-4-00
А.А.Шукенов	Аппарат басшысы	13 қазан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-2-95
Н.Қ.Өтегенов	Аудан әкімі	19 қазан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-1-00
Т.Т.Карбозов	Әкімнің орынбасары	20 қазан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-3-00
М.Д.Қаласов	Әкімнің орынбасары	25 қазан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-5-00
С.У.Хайруллин	Әкімнің орынбасары	26 қазан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-4-00
А.А.Шукенов	Аппарат басшысы	27 қазан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-2-95
Н.Қ.Өтегенов	Аудан әкімі	02 қараша 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-1-00
Т.Т.Карбозов	Әкімнің орынбасары	03 қараша 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-3-00
М.Д.Қаласов	Әкімнің орынбасары	08 қараша 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-5-00
С.У.Хайруллин	Әкімнің орынбасары	09 қараша 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-4-00
А.А.Шукенов	Аппарат басшысы	10 қараша 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-2-95
Н.Қ.Өтегенов	Аудан әкімі	16 қараша 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-1-00
Т.Т.Карбозов	Әкімнің орынбасары	17 қараша 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-3-00
М.Д.Қаласов	Әкімнің орынбасары	22 қараша 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-5-00
С.У.Хайруллин	Әкімнің орынбасары	23 қараша 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-4-00
А.А.Шукенов	Аппарат басшысы	24 қараша 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-2-95
Н.Қ.Өтегенов	Аудан әкімі	07 желтоқсан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-1-00
Т.Т.Карбозов	Әкімнің орынбасары	08 желтоқсан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-3-00
М.Д.Қаласов	Әкімнің орынбасары	13 желтоқсан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-5-00
С.У.Хайруллин	Әкімнің орынбасары	14 желтоқсан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-4-00
А.А.Шукенов	Аппарат басшысы	15 желтоқсан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-2-95
Н.Қ.Өтегенов	Аудан әкімі	21 желтоқсан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-1-00
Т.Т.Карбозов	Әкімнің орынбасары	22 желтоқсан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-3-00
М.Д.Қаласов	Әкімнің орынбасары	27 желтоқсан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-5-00
С.У.Хайруллин	Әкімнің орынбасары	28 желтоқсан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-4-00
А.А.Шукенов	Аппарат басшысы	29 желтоқсан 2016 ж. сағ. 15 ⁰⁰ -17 ⁰⁰ дейін	21-2-95
Жеке қабылдауға алдын-ала жазылу «Амангелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құжаттамалық қамтамасыз ету, ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызмет мониторингі бөлімінде жүргізіледі. Байланыс телефондары: 23-0-00			
Амангелді ауданы әкімі аппаратының мекен-жайы: Амангелді ауылы, Б.Майлин көшесі, 14 үй			
«Амангелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Амангелді ауданы әкімі аппаратының қызметкерлерімен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі нормаларын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасын бұзу фактілері туралы мына телефон бойынша хабарлауға болатынын хабарлайды: тел. 21-2-95			



1

Өткен XX ғасырдың 80-90-ыншы жылдарындағы қайта құру бастамасы біздің Аманкелді ауданына да өз жаңалығын ала келді. Өңірдің бірқатар азаматтары жаңару лебін сезініп, әртүрлі қаракет жасауға кірісе бастады. Солардың бірі - жұрт Қозы деп атап кеткен Мырзахан Сейдахметов ағамыз еді. Ол сол кезде Абай атындағы совхозда бас агроном болып қызмет істейтін.

90-ыншы жылдардың басында СССР-дің кебіске отырғаны, көп өтпей-ақ құлайтыны аңғарылды. Бұл жөнінде 1990 жылы шыққан А.Собчактың кітабында айқын көрініс берген.

Бір күні аудандық газет редакциясына Қозекең келе қалды. Марқұм құрдасы Еренғайып Әбдіхалықовпен біраз әзілдесіп отырып:

- Ей жігіттер, мен аудан орталығынан диірмен салғым келеді. Алматыдағы туыстарыммен хабарласып, Франциядан диірмен әкелсем деген ойдамын, - деді.

Жігіттердің көздері атыздай болды:..

- Оу Қозы, сен өзі не деп тұрсың? Саған қайдағы Франция? - деді Ерекен.

Қозекең болса жымияп:

- Ереке, саспа, амандық болса диірменді әкелгенімді көресің! - деді.

Содан Қозекең қолында қара папкасы бар, жеделдетіп ауыл шаруашылығы басқармасына қарай тартып кетті.

Ал Ерекен болса:

- Жігіттер, мен құрдасым Қозының әлгі айтқандарына қайран қалып отырмын. Бұған Франция қайдан диірмен бере қояды? Неде болса артын күтейік, - деді.

Сөйтіп жүргенде 1992 жылдың басында Қозы Сейдахметов Вице-Президент Ерік Мағзұмұлы Асанбаевтың қабылдауына кіріп, диірмен сатып алуға көмектесуін өтінеді. Ерекен болса «Торғайдан келдім» деген соң дереу Қозекеңе көмек қолын созады. Қаржы Министрі Сыздық Әбішевке Қ.Сейдахметовке Франциядан диірмен сатып алуға, оны жеткізуге қаржы бөлуге тәртіп береді. Мәселе дереу шешіледі. Сөйтіп Қозекең қасында тілмәші бар, Үкімет адамдарымен Францияға барып, диірменді сатып алып, оны Санкт-Петербургқа кемемен жеткізуді шешеді.

Содан ұшақпен Санкт-Петербургқа келіп, диірменді күтіп 15 күн жатады.

Бір күні алдымдағы қара телефон шылдырлап қоя берді. Деректасқын көтеріп едім, Қозекең екен.

- Әй бала, елден сүйінші сұра, ағаң таяуда диірменді алып баратын болады! - деді дауысы саңқылдап, жадырай.

Дәс бергенде қасымда Еренғайып ағай отыр еді. Құрдасының дауысын бірден таныған ол:

- Қарағым, Қозы не дейді? Не бітіріпті? - деді.

Болған жайды айтып едім, басын шайқады. Сөйтті де:

- Бұл Қозы болмас, айды аспанға шығарды ғой! - деді.

2

Содан не керек, Қозекең диірменді алып келіп, ағасы Төкеннің ал-барына сақтап қойды. Тездетіп диірменнің құрылысын салды. Со-сын диірменді құратын мамандар іздеді. Ешкім шықпады. Сол кезде оған жаңалық десе жанып түсетін бас прораб Бағдат Дүйсенұлы Сейтамағанбетов көмекке келді. Ол бір айдың ішінде өз бетімен француз тілін меңгеріп алып, диірменнің құжаттарымен танысып, оны құрмақ болды. Бұл іске Валерий



Юсупов пен Шамшия Әкімбеков ақсақалды тартты. Екеуі де техника тілін терең меңгерген шеберлер еді. Оларға Бағдат қалай құру жөнінде түсінік беріп отырды. Содан не керек, Француз тілін білмесе де, екі шебер Франциядан келген диірменді әдемілеп құрып шықты. Диірменнің иесі Қозекең оларға еңбекақыларын және сыйақыларын беріп, шығарып салды.

Осылайша, диірмен тарту басталды. Қозекең совхоздан бидай жеткізіп тұрды. Нарықтың күйіп тұрған кезі ғой. Жұрт ұн десе ішкен асын жерге қоятын. Қозекеңе ұн сұрап келушілер көбейді. Ауданның совхоздарынан және Аманкелді селосынан қарт кісілер келіп, жәрдем беруін өтінді. Солардың бірі - қазіргі Үрпек ауылының тұрғыны Жағыпар Әбілқасымов ақсақал еді. Жасы үлкейіп қалған қария Қозекеңе екі шелек ұн беруін сұрады. Қозекең болса ақсақалдың жүзіне ойлана қарап отырып, аяды да

- Ақсақал, бірер шелек емес, бір қап ұн берейін, ақшасын да төлемей-ақ қойыңыз, маған ақ батаңызды берсеңіз болады! - деді.

Өзі күтпеген мына жағдайға қайран қалған Жағыпар ақсақал ақ батасын жаудырды.

Осылайша, Қозы Сейдахметов оншақты жылға дейін бидай тартып, халықтың да, өзінің де қажетін шығарды. Елден алғыс алды.

3

Қозы ақсақал бүгінде зейнеткер. Аудан орталығында тұрып жатыр. Соңғы жылдары бір емес, екі ұлы бірдей жастай қайтыс болып кетіп, көп қиналды. Қанша ойламайын десе де, баланың жөні бөлек қой. Жақында кездескенімде шөгіп кеткенін байқадым.

- Қалқам, мұндай қайғыны Аллатағала ешкімнің басына бермесін. Мен не көрмедім?! Жасымнан жетім өстім. Әкем Сейдахмет үш ағайынды кісі екен. Үлкендері Жақып, кішісі Шаяхмет, ортаншысы менің әкем көрінеді. Мынау Қызбелдің Шолақ-Қарасу деген жері біздің атақонысымыз. Бұл маңды халық Сарықопа дейді. Әлгі жерді Орақ көні деп атайды. Орақ көніндегі қыстаулардың орны 1970 жылға дейін тұрды. Оларды көзіммен көрдім. Арнап барып, тәу еттім. Жас кезім ғой. Әкелерімнің үйлерінің орны көзіме оттай басылды. Біздің Батпаққараға қоныс аудару себебіміз - әкемнің інісі Шаяхмет Орақұлы 1928 жылғы әйгілі тәркілеуге ілініп, айдалып кетеді. Әкем марқұм былай деп айтып отыратын еді:

- 1928 жылы Боқырау айында кеш түсіп, қараңғылық ене

Жақып пен Сейдахмет үлкен қызы Күнжамалды, кіші қызы Торғайды ертіп түнімен жүріп, Сүйіндік қопасына келіп, тығылып, келесі күні кешке дейін қоғаның түбіндегі борықты сорып, талғажу етіп, кеш түскесін Құмкешуден өтіп, Байғабыл елді мекеніне жетеді. Жыланбай деген кісінің үйіне барады. Ол әкелеріме күйеу екен. Екі жыл соның қолында болып, 1930 жылы Батпаққараға келіп, қоныстанады.

Мен өзім 1941 жылы 20 қаңтарда осы Аманкелді селосында туып-пын. Онжылдықты бітіргеннен кейін жоғары білім алдым. Кеңес әскері қатарында үш жыл қызмет еттім. Украинада гвардия полкінде танкист болдым. Әскерден 1967 жылы келіп, еңбек жолымды Крупская атындағы, Абай атындағы совхоздарда жалғастырдым. Абай атындағы совхозды қолыммен құрыстым. Әуелі директордың орынбасары болып істедім. 1980-1991 жылдар аралығында бас агроном болдым. 1992 жылы «Дән-Мадияр» кәсіпорнын аштым. Бұл өте қиын кез еді. Диірмен ашайын деген оймен әуелі Торғай облысының әкімі Жәкәп Қосабаевқа бардым. Ол менің бастамамды қолдады. Жәкәп құрдасым мені өзінің бірінші орынбасары Анатолий Жалаловқа жіберді. Ол да тәуір азамат екен. Республикаға баруыма көмектесті. Ондағылармен сөйлесті. Анатолий Жалалов менен «сен енді не сұрайсың?» деді.

Анатолий Михайлович, мен өз басым ештеңе де сұрамаймын. Мен Аманкелді ауданы бойынша алғашқы кәсіпкермін. Куәлігім мынау. Мұнда аудан басшылары Ж.Алпысбаев пен Д.Қабжамалованың қолдары қойылған! - деп куәлігімді оған ұсындым.

Анатолий Жалалов куәлігімді көріп, таң қалып, маған:

- Ну ты, ну ты! - деп қолымды алды.

Содан ол мені Вице-Президент Е.Асанбаевқа жіберді. Міне осылай айналасы бірер сағаттың ішінде Алматыға ұштым. Бірден Ерік Асанбаевқа бардым. Ол кісі құжаттарымен танысып болған соң қаржы министрлігіне жіберді. Анам марқұм айтатын: «Ерік - менің жақын ағайымның баласы, інім. Жалғыз апасы бар еді. Сол оқытып, өсірді. Ол Мәскеуде оқып, білім алды» деп. Бір қызық жағдайды айта кетейін, Ерекеңе кірерімде алдында 4 күзетші тұрды. Екеуі ішінде, екеуі сыртында екен. Ішімнен «Я Алла, я аруак!» деп Ерекеңе кірдім. Кабинеті атшаптырым екен. «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем бердім. 55 жастағы кезі ғой. Маған үлкен кісі көрінді. Хал-



бастағанда «Ойбай, Шаяхметті ұстады» деген шу естілді. «Енді сендерді де ұстайды» - деп, ағайындар хабар бергеннен кейін, дүние-мүлік, ақ кигіз үй - бәрін тастап,

жағдайымды, елдің амандығын сұрады.

- Қандай шаруамен келдің, қысылмай айт? - деді.

Өзі айт деген соң мен бәрін баяндап бердім. «Шағын диірмен керек болып тұр» дедім.

Содан не керек, жолым болды да кетті. 1992 жылдың 19 тамызы күні Парижде Мәскеу арқылы ұштық. Жанымды Қаржы министрлігінің екі орынбасары, бір аудармашы бар. Олар А.Мұқанов, Ж.Ахметов деген азаматтар еді. Сонымен 19 тамыз күні Парижде Шарль Де Голь аэропортына қондық. Бізді фирма директоры Виктор Рутковский қарсы алды. Келісім-шарт жасалды. Күніне 2,5 тонна ұн шығаратын диірмен алатын болдым. Сөйтіп, Парижден де олжалы қайттым.

Диірменді 1993 жылдың 29 тамызында салтанатты жағдайда аштық. Ашылуына ауданның сол кездегі әкімі Жақсылық Ғайсин, Қазақстан Республикасы Президентінің өкілі, журналист Қойшығара Салғарин қатысты. Ауданның журналистері де болды. Осылайша, Аманкелдіде алғаш диірмен ашып, халқыма адал қызмет еттім, - деп Қозекең ойла-нып отырды.

3

Бұл кісі «Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей диірмен әкелгенше көптеген қиындықтарға кездесті. Ол кезде газет редакциясы қазіргі Қазпочта мекемесінің алдында тұрған аудандық ауылшаруашылығы басқармасының үлкен үйінде орналасқан еді. Марқұм сол кездегі аудан әкімі, кейін есімі қазаққа кеңінен танылған қайраткер Орал Мұхамеджанов маған телефон соғып:

- Сен диірмен ашқалы жатқан Қозы Сейдахметовке үш кабинет бер! Ол сонда орналасып, жұмыс жасасын, - деді.

Сөзге келместен Қозекеңе үш кабинет бердік. Ол осы кезде тынымсыз жұмыс жасады. Диірмен үйінің құрылысын салып шықты. Кейін диірменді орнатты. Енді бүгін қарап отырсақ Қозекең нарықтың алғашқы жылдарында аудан халқына қолынан келген қызметін көрсеткені даусыз екен. Талай адамдардың оның алдына келіп, ұн сұрағанын көзіміз көрді. Әкесінен ерте айырлып, жастай жетім өскен Қозы Сейдахметұлы алдына келген үлкен кісілердің ешқайсысының көңілін қалдырмады. Бір-бір мәрте тегін ұн берді. Кейін әрине, ақшаларына сатты.

Ол кезде ауданға ұн аз келетін. Көбіне алып-сатарлар әкелетін. Олар неғұрлым қымбат сатуға тырысатын. Ал аудан орталығында тұрақты жұмыс істеген Қозы Сейдахметовтың «Дән Мадияр», Есім Дауылбайдың «Дауылбай» диірмендері шығарған ұндарын неғұрлым арзанға сатты. Кейде бидай әкелген адамдардың ұндарын аз қаражатқа тартып беріп жүрді.

Қазіргі жастарға бұл жәйт күлкілі болып көрінуі мүмкін. Бірақ сол кез үшін осы екі диірменнің жұртқа жасаған жақсылығы айталықтай еді.

Әрі-беріден соң Қозекеңнің Қазақстанды немесе Ресейді қойып, сонау Франциядан диірмен әкелуінің өзі неге тұрады?! Сол оқиға аудан халқы үшін таңсық жағдай болды. Әресе үлкендер жағы «Мынау Қозы деген бір ғажап жігіт екен. Сонау Франциядан диірмен әкеліп, ұн тартуды бастады ғой. Өзі бір ер екен?!» деп айтып жүрді. Немесе бір оқиғаны елдің есіне түсіретін кезде жұрт «Ей, ол Қозы диірмен әкелген жылы болған еді» деп айтатын. Осының бәрі Қозекеңнің істің ретін таба білетінін көрсетсе керек.

- Мен әуелі Аллаға, со-сын Тәуелсіздігімізге ризамын. Аллатағала біздің елімізге Нұрсұлтан Назарбаевтай ғажайып Президентті тарту етті. Ол Алланың сол бергеніне шүкір етіп, Қазақстанды 25 жылдың ішінде бүкіл әлемге мойындатты. Қазір шет елдер Қазақстан десе, Назарбаев десе - тәк тұрады! Сонау 90-ыншы жылдардың өзінде біз Францияға барғанда олар маған:

- Сіздердің Президенттеріңіз өте күшті адам! - деп бастарын шайқағаны бар.

Мен өзім әрқашан Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының тілегін тілеймін. Ол кісінің ұзақ жасап, елімізді әлемдегі 30 елдің, қала берді 10 елдің қатарына қосуын Аллатағала нәсіп етсе екен деп дұға да оқимын. Күнде дастарханды қайырағанда Аллатағаладан осы тілектерді үзбей сұраймын. Бір мемлекетті басқармақ түгілі, шағын қожалықты басқара алмай жүргендер әрі-сәрі әңгіме айтады. Қазіргі жағдай өте қиын. Жаһандану әлемді күрделендіріп жіберді. Таяу Шығыстағы, Украинадағы жағдайлар біздің әрқайсымызды ойландыруы керек. Нұрсұлтан Назарбаев қазақ елін ынтымақ-бірлікте, тыныштықта, бейбітшілікте басқарып отыр. Лайым осы бейбіт күніміз мәңгілік болсын!

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы үлкен мереке! Жалпы Тәуелсіздіктен өткен құндылық жоқ! Қазағымыз Тәуелсіз ел болып еді, бүкіл әлемге танылды. Бұл - қазақ халқының да жетістігі! Әлемде қазақтай кеңпейілді ұлт жоқ. Еліміз бар салада да дамып отыр. Енді бір 20 жылда Қазақстан әлемдегі көшбасшы мемлекеттің біріне айналатынына өз басым шүбәсіз сенемін! - дейді Қозекең.

Қозы ақсақал бүгінде 75 жаста. Осы ұзақ ғұмырында ол бесіктен белі шықпай жатып бейнетті көп көрді. Жетімдіктің ашы дөмін де көп тартты. Бірақ қайыспады. Қиналған сайын қыл шылбырдай ширатылып, жігерленіп отырды. Өзінің етінің тірлігінің арқасында институт бітіріп, екі совхозды өркендетуге үлес қосты. Әсіресе, Абай атындағы совхозды дамытуға көп тер төкті.

Ал нарықтық экономика басталғанда алғашқылардың бірі болып, шағын кәсіпкерлік құрып, халыққа ең қажетті игіліктің бірі саналатын диірмен салды. Рас, бүгінде оның диірмені жұмыс істемейді.

Алайда, Қозы ақсақал 75 жасында да жаңа бір игілікті істің бастамашысы болып отыр. Ол «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша диірменнің үйінде мал сою алаңын ашуға қатысқалы отыр. Бұл - ауданымыз бойынша заман талабына сай жаңа мал сою алаңы болмақ. Ақсақалдың бұл бастамасына аудан жұртшылығы риза болып, сеніммен қарап отыр. Ал Қозекеңнің өзі болса:

- Аудан орталығынан мал сою алаңын қайтсем де жасап шығамын. Оған мүмкіндігім жетеді! - дейді.

М.ДӘУҒАРИН

Суретте: Қозы-Мырзахан Сейдахметовтың Франция астанасы Парижде елшілік қызметкерлерімен кездесуі және ол Францияның Мәскеудегі елшісі А.Литокспен бірге.

Батыр СЕЙКЕНОВ - «Арлан»

ЕЛІМ РИЗА БОЛСА —



екенін білдім. Ол кісінің аруағы мені әрдайым желеп-жебеп келеді. Мұны талай рет сездім. Сондықтан да, ауданыма демеушілік жасауға саналы түрде барып жүрмін. Оның үстіне, еліммен байланысым әсте үзілген емес. «Арлан» атты табиғатты қорғау жөніндегі компания Торғай аймағы бойынша табиғат байлығын сақтау мен қорғауға байланысты көптеген жұмыстар жасап жатыр. Оны біреулер біледі, біреулер білмес. Мәселе онда емес. Мақсат – туған жердің табиғаты мен оның байлықтарын жердің қарашығындай сақтауға қолдан келгенше қамқорлық жасау.

ТІЛШІ: - Отбасың туралы тоқталып өтсең?

Б.СЕЙКЕНОВ: - Жоғарыда айтып кеттім ғой, зайыбым Әйгерім медицина саласының маманы. Адина, Адель, Асель және Берік атты төрт баламыз бар. Соңғы екеуі - егіз. Олар біздің және әжесінің тәрбиесін көріп келеді. Жаз айларында демалыс кезінде туған жерге апарып жүреміз. Торғайдың табиғатын, елін, жерін жақсы біледі. Себебі бала өзінің әкесі мен ата-бабасының атамекенін жас кезінде көріп, білуі керек. Сонда оның әсері көп болады. Біз қолымыздан келгенше балаларымызға Аманкелді ауданы, Торғай өлкесі туралы жиі әңгімелер айтып отырамыз. Отбасында айтылған сол әңгімелер олардың кіші Отаны – Торғай өлкесіне деген сүйіспеншіліктерін арттыруда.

ТІЛШІ: - Батыр, жаңа табиғат туралы сөз қозғадың ғой. Ендігі әңгіменің ауанын сол жакқа қарай бұрсاق?

Ауданымыздың ата-бабалар аңсап кеткен Тәуелсіздік заманында өркендеуіне сыртта жүрген азаматтардың арасында екі бауырымыздың еңбегі ересен. Олар – Батыр Ералханұлы СЕЙКЕНОВ пен Әнуарбек Арғынғазыұлы АРҒЫНҒАЗИН.

Батыр Ералханұлы демеушілікті һәм меценаттықты 2000 жылы даңқты халық батыры Иман атамyz Дулатұлының 200 жылдығына арналған тойда алғаш рет бастады. Жалпы, ауданымыз бойынша тұңғыш меценаттық қадам осы Батыр бауырымыздан басталды!

Ал 2004 жылы 9 тамыз күні тағы бір іскер азаматымыз Әнуарбек Арғынғазыұлы Арғынғазин ауданға 55 миллион теңгеге демеушілік жасады. Оның осы берген қаржысына аудан мектептеріне компьютерлер алынып берілді және қазіргі «Шұғыла» жастар демалыс орталығы күрделі жөндеуден өткізілді.

Батыр Ералханұлы меценаттықты екінші рет ауданымыздың құрылғанына 80 жыл толған торқалы тойда жасады. Бұл жолы ол ауданның 80 жылдығымен қатар өзінің әкесі, кезінде ауданымыздың, облысымыздың, қала берді республикамыздың мақтанышы болған атақты балуан Ералхан Сейкенұлының 70 жылдығын бірге өткізді.

Батыр Ералханұлы үшінші рет Аманкелдіде 1916 жылғы Торғай ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығына арналған торқалы тойдың өтуіне бір емес, екі рет демеушілік жасап, аудан халқы мен келген қонақтардың ризалығына бөленді.

Алайда, осы уақытқа дейін Батыр бауырымыздың ауданымызға жасап келе жатқан меценаттық, азаматтық, перзенттік үлкен ісі туралы күні бүгінге дейін жазылған жоқ. Бірақ, кейбіреулердей ертоқымын бауырына алып, «Еңбегім неге еленбеді?» деп өкпелеп жүрген Батыр жоқ. Тектіге тән бекзаттығын көрсетіп, үн-түнсіз маңғаз жүріп жатыр.

Дегенмен, халық осының бәрін сезіп, біліп отыр. Олар Батыр Ералханұлы туралы баспасөзде материал жариялаудың уақыты келгенін айтып та жүр.

Ештен - кеш жақсы дегендей, жақында Батыр Ералханұлы Сейкенов бауырымызға арнайы түрде жолығып, сұхбаттасқан өдік. Бүгін сол сұхбатты оқырмандарымыздың назарына ұсынып отырмыз.

ТІЛШІ: - Құрметті Батыр Ералханұлы! «Аманкелді арайы» газетінің оқырмандары өзін туралы толық білгісі келеді. Осыған орай әңгіме өрбітсең жөн болар еді.

Б.СЕЙКЕНОВ: - Мен 1964 жылы 24 ақпан күні бұрынғы «Сарыторғай» совхозының орталығы Екідің ауылында дүниеге келдім. Әкем Ералхан мен анам Күләш Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының түлектері. Олар сол институт қабырғасында жүріп танысып, отбасын құрған. Екеуі бір факультетте оқыған. Институтты бітірісімен «Сарыторғай» совхозына жолдамамен келіп, қызметке араласқан. Әкем 1938 жылы Үрпек ауылында туған. Анам – 1941 жылғы, бұрынғы Семей облысы Көкпекті ауданының перзенті. Әкем совхозда бас зоотехник, анам бухгалтер болып қызмет істеген.

1968 жылы әке-шешем қызмет бабымен Арқалық ауданына қарасты «Аңғар» совхозына қоныс аударады. Мен мектеп есігін сонда аштым. Біз - алты ағайындымыз. Баланың ең үлкені менмін. Менен кейін Бауыржан, Рамазан, Сәуле, Жанна, Шәріп атты іні-қарындастарым бар. Кенжеміз Шәріптен басқамыз қазір бизнес саласында жүрміз. Шәріп болса - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінде қызмет істейді.

Әкем Ералхан Сейкенұлы 1989 жылы 50 жастан енді аса бере қайтыс болды. Аллаға шүкір, анамыз қазір Құдай берген алты перзентінің ортасында бақытты өмір сүріп жатыр. Астана қаласында кенжесі Шәріптің қолында тұрады. Анамыз 6 баласынан - 16 немере сүйіп отыр.

Орта мектепті 1981 жылы бітіріп, Алматы қаласындағы Халық Шаруашылығы институтына оқуға түстім. Оны 1985 жылы аяқтап шықтым. Мамандығым - экономист. Құрылыс банкісінде еңбек жолымды бастадым. Жарты жылдан кейін кеңес әскері қатарына шақырылып, Архангельскіде әскери міндетімді атқардым. Біржарым жылдан кейін туған елге оралып, Арқалық қаласындағы «Торғай селолық құрылыс - 15» мекемесінде экономист болып қызметімді жалғастырдым. 1988 жылы Қарағандыға барғанда келініміз Әйгеріммен танысып, сонда көшіп бардым. Әйгерім негізі Ақмоланың қызы. Ол Қарағанды мединститутын бітірген соң қазіргі Астанамызға келіп, қызметімізді одан әрі жалғастырдық.

1990-2004 жылдар аралығында мемлекеттік қызмет саласында жұмыс жасадым. 1990-1992 жылдарда қаржы бақылау басқармасында ревизор болдым. 1992-1996 жылдар аралығында Астана қаласындағы Алматы аудандық салық инспекциясын басқардым. 1996-

2001 жылдар аралығында Астана қалалық салық комитетінің басшысы болдым. 2001-2002 жылдар аралығында республикалық мемлекеттік материалдар департаментінің директоры болдым. 2002-2004 жылдар аралығында РТП-ның директоры болып қызмет жасадым.

2004 жылдан – яғни 40 жасымнан бастап күні бүгінге дейін бизнес саласында келе жатырмын. Алғашында компания құрып, шағын авиацияны дамыттым. Сонымен қатар автосалон және мейрамхана бизнесін өркендеттім. Жұмысымыз алға басып, шаруамыз оңынан оралған соң бизнесімнің ауқымын кеңейттік. Адал бизнес жасағандықтан болар, қай салада болмасын қызметіміз алға басты. Бірте-бірте тәжірибе жинақтап, жолдас-жораларыммен келісе отырып, бизнесімді жергілікті жерлерге апаруға ден қойдым. Қазіргі күні Аманкелді ауданында қызмет жасап жатқан «Арлан» ХТК - осы ісіміздің бір саласы.

ТІЛШІ: - Туған ауданыңа демеушілік жасауға не себеп болды?

Б.СЕЙКЕНОВ: - Кейбіреулер айтып жүргендей, бизнесмендердің барлығы дерлік байлық қуып жүрген жоқ. Олардың арасында да іскер, ұлтын шексіз сүйетін иманды, инабатты, еліне жаны ашитын азаматтар мол. Мен де аяғым салбырап көктен түскен жоқпын. Аманкелдіде, Арқалықта және Астанада жауапты қызметтер жасадым. Елдің ортасында, олардың қамқорлығын көрдім. Үлкен кісілерден бата алдым. Олардың қай-қайсысы болмасын маған өздерінің адал тілектерін, ақ баталарын берді. Туған елді ұмытпауды, оны сыйлауды тапсырды. Сондықтан да, бизнесімді өркендетіп, өзіме-өзім келгеннен соң туған ауданыма қамқорлық жасауды ойға алдым. Бұл ретте маған анамның берген ақылы көп болды. Әкемізден ерте айырылғандықтан біз анамыздың тәрбиесін көп көрдік. Сондықтан маған анамның айтқан әрбір ақылы ерекше құнды. Ол кісінің «Иман атамyzдың тойын өткізуге қолыңнан келген көмегіңді бер!» деген бірауыз сөзі елге бет бұруыма себеп болды. Анасының айтқан ақылын тыңдамайтын бала сирек болар. Содан Аманкелдіге келіп, осындағы басшылармен, елмен ақылдасып, келісіп, демеушілік жасадым. Еліме мың да бір рахмет! Сол еңбегімді әлі күнге дейін айтып жүр екен. Шынымды айтсам, мен мұны атақ алайын деп істеген жоқпын. Өзіміздің атамyzдың рухы алдындағы парызым санадым. Аруақ қолдайды деген рас екен. Сол Иман атамның тойына жасаған демеушілігімнен кейін бизнесім бұрынғыдан да дами бастады. Әрине, ең алдымен Алладан ғой! Со-сын Иман атамның да тегін адам емес

халықаралық транспорт компаниясының президенті: МЕН ДЕ ОҒАН БЕК РИЗАМЫН!



айыппұл төлеген қандай?! Олардың жолдамалары кез-келген жанар-жағар май станциясында сатылады. Іздеп әуре болмайсың. Сол сияқты, кез-келген аңшылар дүкендерінен де жолдаманы оп-оңай алуға болады.

Қазіргі таңда біздің «Арлан» компаниясы Торғай аймағының көптеген жерін бақылауда ұстап отыр. Сол үшін арнайы базалар аштық. Оларда адамдар жалақы алып, қызмет жасайды. Негізі Аманкелді және Аркалық аудандары бойынша 4 база ашып қойдық. Оның біреуі - Ақсайда. Екіншісі - Рахметте. Үшіншісі - Сарыторғайда, төртіншісі - Аманкелді ауданының орталығында. Мұның сыртында Ақмола облысы бойынша екі аңшылар компаниямыз бар. Барлығын қосқанда 60 адамға жұмыс беріп отырмыз. Оларды 40-тан астам техникамен жабдықтадық. Аманкелді селосының орталығынан екі бірдей қонақүй ашып қойдық. Сырттан және шетелден келген адамдар сол қонақүйде болып, бізге бекітіліп берілген территорияда табиғатты тамашалайды. Аң және құс аулайды. Бәрі ақылы түрде. Олар біздің қызметімізге және Аманкелді, жалпы Торғай өлкесінің табиғатына дән риза. Өздерінің бұл маңайдан үлкен әсер алатынын үнемі айтып отырады.

Алайда, біздің республикамыздың бірқатар жерінен келген азаматтар дайын тұрған қонақүйге тегін жатқысы келеді екен. Қызметкерлеріміз компаниямызға телефон соғып, олардың тегін қызмет көрсетуді талап ететіні туралы айтып отырады. Осы дұрыс па?! Қазіргі уақытта тегін еш нәрсе жоқ қой. Нарықтық экономиканың талабы - ханға да, қараға да бірдей емес пе?!

Үкіметте, Министрліктерде көптеген сыйлас жолдастарым бар. Олармен жиі кездесіп, табиғатты қорғау туралы заң қабылдау жөнінде пікір алысамын. Сонда шетелдердегі табиғатты қорғаудың қалай шешіліп отырғаны туралы ойларымды бөлісемін. Табиғаттың құдыретіне олардың көзін жеткіземін. Біразы шетелдерге барып, осы жағдайға байланысты зерттеулер жүргізді. Ұсыныстарымыздың орынды екенін мойындады. Алла қаласа, Үкімет те, Парламент те таяу жылдарда осы мәселеге маңыз беріп, түбі заң қабылданатынына сенімдімін. **Өйткені, әлемдегі барлық елдер үшін табиғат байлығы – сол елдердің бюджетінің басты бір бөлігі.** Табиғат байлығы - тегін әрі тиімді, әрі арзан. Тек оны ұқыпты пайдаланып отыру керек. Зиян тигізбеу керек. Есесіне табиғат байлығын одан әрі дамытуға, өркендетуге, маңыз берілгені пайдалы болар еді.

Қазіргі таңда біздің «Арланға» қарасты 2 500 000 гектар жер бар. 600 гектар жер «Алтын далаға» қарайды. Қабырға ауылдық округінде балық шаруашылығын өркендетуге мүмкіндік бар. Алдағы уақытта біз бұл мәселені жан-жақты зерттеп, тексеріп, шешуге тырысамыз.

Балықты, құсты аулау бар да, оларды көбейту және бар. **Табиғат адамдардың ашкөздігін көтермейді.** Мысалы, соңғы үш жылдан бері ұлтымыздың ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұновтың атақты Ақкөлінде балық таусылды. Неге дейсіз ғой? Себебі ауыл халқы Ақкөлді бөліп алып, қысы-жазы біріңғай балық аулаумен шұғылданды. Аулаған балықтарын жан-жаққа сатып, пайда тапты. Алай-

да, сол көлге балық жіберумен бірде-біреуі айналыспады. Нәтижесінде, талай ғасырлардан бері балығы таусылмаған Ақкөл бүгінде балықсыз. Ешнәрсе мәңгілік емес. Бір жерден ала берсеңіз жауған қар да таусылады. Демек, табиғатқа адамзат баласы зиян тигізбеуді ойлайтын уақыты келді. Кезінде орыс жазушылары В.Распутин, С.Залыгиндер Ресейдің табиғатын қорғау жөнінде ашына жазғаны белгілі. Алайда, біздің қазақ жазушылары мен журналистері табиғатты қорғауға байланысты мәселе көтермей келе жатқаны көңілімізді алаңдатады. Біздіңше бұл мәселе дәл қазір көтерілуі керек. Ертен кеш болады. Ақкөлдегі жағдай жанымды ауыртады. Мұны әдейі айтып отырмын. Себебі Торғай өлкесінің халқына осыбір келеңсіз жағдай сабақ болса екен деймін. Басса-лып қыра берсек, бір күні аң да бітеді. Сол сияқты табиғаттың өзге де байлықтары түгесіледі. Менің табиғат туралы республикамыз бойынша заң қабылдауымыз керек дейтінін осыдан. **Заң болса табиғатты да сақтауға болады. Өйткені заң – баршаға ортақ. Оны орындауға әрбір қазақстандық міндетті.** Осыдан 50 жыл бұрынғы табиғат қандай еді? Қазіргі табиғат қандай? Аң-құстың да киесі бар. Жойдасыз қыруға болмайды. Әрбір аңшыға, балықшыға қанша аулау немесе ату жөнінде мөлшер және арнайы орын белгілену керек.

Біздің «Арлан» әзірге жергілікті халыққа кешіріммен қарап отыр. Себебі жұрт бұрынғыша балықты өздері қалаған жерлерден аулап жүр. Алдағы уақытта мұндай заңсыздыққа баруға болмайды. Әркім өз бетінше жүре беретін болса – табиғатты қорғай алмаймыз. Біздің мақсатымыз – Торғай өлкесін жайлаған бауырларымыздың табиғат туралы ойлануына ықпал жасау. Бүгін болмағанмен, ертең бәрібір заңға бағынуға тура келеді. Тәуелсіздік дегеніміз әркім ойына келгенін істеу емес.

ТІЛШІ: - Батыр, орынды мәселе көтеріп отырғаныңа талас жоқ. Табиғатты қорғау мен сақтауға байланысты одан туындайтын зардаптарға тағы бір тоқтала кетсеніз?

Б.СЕЙКЕНОВ: - Ондай мысалдар көп.1904 жылы Америкада фермерлер қасқырларды қыру жөнінде мәселе көтерген. Себебі олар «қасқырлар малымызды қырды» деп Үкіметке арыз-шағым жасаған. Үкімет олардың арыз-шағымдарын қанағаттандыруға қаулы қабылдайды. Содан не керек, арнайы аңшылар шығарылып, қасқырлар түп-түкянымен қырылады. Қасқырлар кеткеннен соң табиғат күтпеген апатқа ұшырайды. Әлгі жерлерге бұлан мен елік сыймай кетеді. Бұрынғыдан 10 есе көбейген соң олар табиғатқа зияндарын тигізеді. Қарағай, қайың, емен тағы басқа ағаштардың тамырын жеп, олардың жаппай жоғалуына әсер етеді. Ғалымдар мұның мәнісін зерттеп, ақыры қасқырларды Үкімет қыруға бекер шешім қабылдаған деген қорытындыға келеді. Сөйтіп жайқалып тұрған табиғатты бұрынғы қалпына келтіру үшін көптеген шығынға ұшырайды. Анығында қасқырлар - табиғаттың санитары екені анықталады. Жалпы табиғатта артық нәрсе жоқ, яғни артық аң-құс жоқ. Олардың әрқайсысының өз міндеттері

бар. Мысалы, қасқырды құртсаңыз - түлкі көбейеді. Түлкіні құртсаңыз - тышқан көбейеді... Нәтижесінде табиғаттың тепе-теңдігі бұзылады.

ТІЛШІ: - Табиғатқа қалай қамқорлық жасауға болады?

Б.СЕЙКЕНОВ: - Мұның еш қиындығы жоқ. Біріншіден, тағы да қайталап айтамын, табиғат туралы заң болса жетіп жатыр. Осы заң тұрақты түрде жұмыс істесе, көзбояушылыққа, өтірікке жол берілмесе, табиғатқа келер пайда мол. **Аңшылық дегеніміз – түсінген адамға табиғатқа қамқорлық деген сөз.** Керісінше бізде аңшылық – табиғатқа зиянын көп тигізіп жатады. Мұның мысалдарын көптеп келтіруге болады. Біз - қазақпыз ғой. Қазақ десең өзіңе тиетіні және белгілі. Алайда, ата-бабаларымыз өзінің ұрпағына «Кез-келген аң-құсты жойдасыз қырмаңдар, онда зауалына жолығасыңдар» деп аманат еткен. Олардың осы аталы сөзін тыңдамай, қасқырды немесе киікті қынадай қырған адамдардың талайы апатқа ұшырағанын халқымыз жақсы біледі. Қасқырды тірідей сойып, аязға қоя берген талай адамдардың өмірінің соңында сондай азапқа ұшырағаны туралы да әңгіме аз емес. Мұнан шығатын қорытынды - табиғаттағы әрбір аң мен құс, жәндік – халықтың игілігі! Оларды жою емес, сақтауымыз, көбейтуіміз керек. **Табиғат байлықтары еліміздің және облысымыздың, ауыл-аудандарымыздың бюджетін көбейтуге әсер етеді.** Ол үшін әрбір аң мен құсты сақтауға ерекше мән берілуіміз керек. Халық арасында табиғатты қорғау мен оның байлығын сақтау туралы әңгімелер жиі айтылып қана қоймай, нақты іс және пайдалы шаралар жасалуы керек. Мектептерде балаларға осы туралы сабақтар берілсе құба-құп. Сол сияқты, ауылдық округтердің басшылығынан да бұл мәселеге үнемі назар аударуын сұраймыз. Біз табиғатқа аз зиян жасаған жоқпыз. Мұның зардабын көптеп көрудеміз. Әрине, техникалық революцияның жасаған залалы аз емес. Ең бастысы табиғатқа келетін зиян адамдар тарапынан (брокерлер) болып тұр. Ата-бабаларымыз бізге тамаша табиғатты барлық байлығымен сыйға тартты. Бірақ олардың сол аманатын біз ұрпаққа дұрыс жеткізе алмай отырмыз. Біздің «Арлан» компаниясын құруымыз - туған жердің табиғатына қамқорлық жасаудан туған бір қадам. Өйтпесе, жан бағып, үйде тыныш, демалып жатуды білмейді емеспіз. Жерлестеріміздің назарын осы күрделі мәселеге аудару үшін - аталмыш компанияны құрдық. Сол үшін жұмысқа адамдар қабылдап, оларға жағдай жасап, ай сайын тұрақты жалақы төлеп отырмыз. Осыны әрбір аманкелділік, торғайлық, арқалықтық азаматтар жанымен түсінсе екен дейміз. Қашан да не нәрсені де бүлдіру оңай, оны қайтадан қалпына келтіру қиын.

Табиғатқа деген көзқарасымды оятқан әкем марқұм. Ол кісі Торғай өлкесін көп аралады. Бала күнімде маған талай жерді көрсетті. Балық және аң аулауды үйретті. Онда да жаппай қыруды емес, қажетімізше алуға тәрбиеледі. Сонымен бірге ол кісі бізге, балаларына табиғатты сақтауға байланысты үнемі ғибратты әңгімелер айтатын. Әкеміздің сол тәрбиесі басы менен бастап інілеріме де жалғасты.

Өмірімнің көбі туған жерде және шетелдерде өтіп келеді. Жыл сайын ауылға келіп және шетелге барып, табиғатты тамашалаймын. Табиғатпен етене жұмыс істеп жүрген ғалымдармен, мамандармен пікірлесемін. Жалпы адамзат баласы қазір табиғатты келер ұрпаққа аман-есен жеткізуге байланысты алаңдап отыр. Өйткені, табиғатқа зиянын тигізетіндер аз емес. Табиғат - адамзат баласына өзінің байлығын аяп отырған жоқ. Бірақ сол адамзат енді табиғатты қорғауға ерекше махаббатпен маңыз беретін уақыт келді. Әлемнің ғалымдары мен ізгі ойлы азаматтары табиғатты осы қалпында сақтауға алаңдаулы. Соның бірі – менмін деп есептеймін. Туған жерде болғанда Торғайдың даласын жиі аралаймын. Оларды суретке және бейне таспаға түсіртемін. Өзен-көлдерін де, аң-құстарын да

қалдырмай суретке түсіруге тырысамын. Себебі оларды қазіргі күні суретке не бейнетаспаға түсіріп алуға асығуымыз керек. Кім біледі, олардың кейбіреуінің түбі «Қызыл кітапқа» кіріп кетпесіне? Не жоғалып кетпесіне?

Дегенмен, табиғат құрып бара жатыр деп сарыуайымға да салынуға болмайды. Құрып барады деп қол қусырып қарап отырсақ, әрине құри береді. Біздің мақсат – құруға жол бермеу, оларды сақтау ғой. Сондықтан барша жерлестерімді туған өлкеміздің табиғатын аялап-сақтауға шақырамын. Ешкім өз бетімен балық аулап, аң атпаулары керек. Ондай адамдарға тосқауыл қоюымыз міндет. Ең жаман нәрсе - біреулер табиғатты бүлдіріп жатқанда - соған үндемей қарап тұру, жол беру. Мұны кешірілмес күнә деп білемін. Табиғатты сақтауға - еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін жауапты. Әсіресе, билік басында жүрген азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлер, сосын журналистер. Сіздер де батыл болуларыңыз керек. Табиғатқа зиянын тигізіп жатқан адамдарды тәртіпке салуымыз – ортақ міндетіміз. Осыны әрбір аманкелділік терең сезінсе және іс-әрекет жасаса, табиғатымызды көздің қарашығындай сақтауға болады. Тағы да айта кеткенің артықшылығы жоқ, сайып келгенде **табиғат – бюджеттің атасы, байлықтың көзі!** Қарапайым мысал: егер өзендер тасымаса, шабындықтар мен жайылымдарға су түспесе, бірінғай қуаныштық болса – ел қалай өркендейді? Мән бермесек ондай кезең де тууы мүмкін. Бала кезімізде үлкен кісілер табиғатқа келтірген зияннан күн алыстап кетіп, астық піспейтін, шөп шықпайтын замандар болады деп отыратын. Олардың бұл сөзін бекер деуге болмайды. Осының шет жағасын қазіргі күні өзіміз де көріп отырмыз. Бүгінде бұрынғы қалың шабындықтар жоқтың қасы. Жердің тұзы бетіне шығу көбеюде.

ТІЛШІ: - Батыр Ералханұлы, саған туған ауданыңызың халқы әрқашан дән риза. Бір емес, үш бірдей торқалы тойын ойдағыдай өткізуге қосқан үлесің ерекше! Оны жұртың үнемі айтып отырады. Сенің мұны да білгенің жөн ғой.

Б.СЕЙКЕНОВ: - Оларына көп рахмет! Бұл - менің туған ел алдындағы - перзенттік парызым деп білемін. Себебі, қолыңдағы барыңды халқынмен бөліскенге не жетсін?! Аудан басшылары телефон шалып, хабарласып, демеушілік жасауымды сұраған соң осылай істеп келемін. Бірақ демеушілік жасауым - бір өзімнен болып тұрған жоқ. Дос-жолдастарымның көмегі көп болып тұр. Мысалы атап айтсам: Иман атамның тойын өткізуде маған достарым Мұхтар Құсайынов, Есенбол Қабыкенұлы көмектесе, ауданымыздың 80 жылдығын өткізуде Бота Уәлиев қамқорлық жасады. Ал ата-бабаларымыздың ұлт-азаттық қозғалысының осы жылғы 100 жылдық торқалы тойында 1 автокөлікті досым Ринат Найманов алып келіп, тікті. Жалпы мен дос-жолдастары көп жігітпін. Өмірде достыққа жететін не нәрсе бар?! Ауданымыздың 80 жылдығында тіккен Джипімді қызылордалық Ұлан Рысқұл деген азамат 2008 жылы иеленсе, 100 жылдық тойда да екінші рет сол иеленді. Ол жігіттің бағы біздің ауданда ашылды. Алғашқы Джиптан кейін ол «Қазақстан барысының» тұңғыш жеңімпазы атанды.

Тоқ етерін айтқанда, туған елім маған риза болса – мен де оған ризамын! Қайда жүрсем де туған ауданымның туы биіктен желбіреп, мерейі үстем, мәртебесі биік болуын тілеймін! Аманкелді секілді даңқты батыр атамның атындағы аудан барлық уақытта Қазақстандағы маңдайалды ауданның бірі болуы керек! Аудан басшыларынан бастап, халқыма да осы ұлы міндетті орындауға жұдырықтай жұмылуды тілеймін! Елімнің бірлігі де, тірлігі де - мықты болсын!

ТІЛШІ: - Әңгімеңізге рахмет!
Б.СЕЙКЕНОВ: - Осы тілекті мен сіздерге де тілеймін! 2017 жылдың баспасөзіне жазылу науқанының алдында тұрсыздар ғой. Сол науқан жақсы өтсін! Біздің «Арлан» МТРК-нің мүшелері де аудандық газетке бір кісідей жазылады деп сенім білдіремін. Шығармашылық табыстарға жете беріңіздер!

Сұхбатты жүргізген Сырым СЫҒАЙ

Суреттерде: Батыр СЕЙКЕНОВ және ол қарауындағы қызметтестерінің ортасында.

МЕКТЕПKE СӘЛЕМ

Аманбысың, бармысың, алтын ұя мектебім, Көк шыбық болып келген ем, Көк терек болып көктедім. Жүргізілген пәндердің түгендеп бәрін болғанша, Өзінде өткен ІІ жыл күз бен қысым, көктемім.

Еш нәрседен хабарсыз сәбидей болып келгенбіз, Мұғалімнің сөзіне қалтқысыз ұйып, сенгенбіз. Оқығанды көңілге току болып бар мақсат, Теңіздей терең білімнің маржандарын тергенбіз.

Білім - шырағын өзінде алғаш жаққанбыз, Армандарға жетелер жолды да сенен тапқанбыз. Балалықты балауса қабырғанда қалдырып, Тастүлектей қомданып, өмірге қанат қаққанбыз.

Ашылған алдан айқара кең әлемнің есігі, Жазылған онда әркімнің жүрер жол мен несібі. Сол жолды жазбай таңдауға бағыт берген, Жөн сілтеп, Асқақталсын әрқашан ұстаздардың есімі!

50 ЖЫЛДЫҚ КЕЗДЕСУГЕ АРНАЛҒАН ЖЫР

Ардақты, асыл достар, армысындар! Бас аман, бауыр бүтін бармысындар?! Сағынысқан достарды қауыштырған АҒЫБАЙҒА айтатын алғысым бар.

Араға елу жылдық уақыт түсіп, Кездесуге асықтық алып-ұшып. ЖАРАТҚАНҒА айтайық мың шүкірлік Жеткізген осы күнге етіп нәсіп.

Аманкелді көшесін өттім жүріп, Елендеп әр дауысқа құлақ түріп. Жалтақтап жан-жағыма қарай бердім, Алдымнан шығатындай КҮЛӨШ күліп.

Сағыныштан жас келді көзге кілкіп, Тұрғанда кірпіктегі жасты сүртіп. Елестеп кетті бір сәт қарсы алдымнан ЕГІНБАЙ тұрғандай боп мені күтіп.

Ортаның ұйытқысы боп дуылдатып, Көлік мінсе жүйіткітін құйындатып. Бауырым МИРАШ та жоқ ортамызда, Жүретін шалқып-тасып, шуылдатып.

Ұл-қыздардың көбі жоқ арамызда, Төмпе боп жатыр олар даламызда. Қайран достар, мезгілсіз кеткендерің, Әлі күнге сыймайды санамызға.

Бозбала мен бойжеткен шағамызда, Масайраған мәз күндер жадымызда. Ақ көңіл, пәк пейілді жастар едік, Кірленбеген жанымыз, арамыз да.

Практика есте қой қырқып, қозы баққан. Көктем есте құлпырған қызғалдақтан. Мамырдың мамыражай күндерінде, Кездер есте гүл теріп қырдан асқан.

Шуаққа шомылғанда айналамыз, Біз – қыздар қызғалдақтай жайнағанбыз. Ұлдардың қиялына қанат байлап, Ақ таңдай арманына айналғанбыз.

Ұлдарға ұрлана көз тастайтынбыз. Бірақтағы әдептен аспайтынбыз. Мектептен үйге дейін бірге келіп, Одан әрі бір қадам баспайтынбыз.

Ұямыздан он жылғы оттай ыстық,

Бәріміз бір мезгілде құстай ұштық. «Коммунизм» құрушы боламыз деп, Қиялменен шарықтап көкті құштық.

Сол қиялдың мініп ұшқыр қанатына, Аттандық қалаларға, Алматыға. Білімнің кәусарынан сусындадық, Іліксек деп ізгілер санатына.

Сол асқақ армандарға жеткендейміз. Өткелдерден не түрлі өткендейміз. Не жазған болса АЛЛА - соны көрдік, Өткенге жоқ ешқандай өкпем дейміз.

Ғұмыр жастың астық бес (61) белесінен, Үмітіміз бар әлі келесіден. Жаратқаннан тілеймін баршамызды Өткізгей деп тағы бес (121) белесінен!

Шәрбану ӘБДІРАХМАНҚЫЗЫ

«ТЕРІСТІ» ТЕРІСТЕУ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢ
Елестейді сол жан қимас қалпында, Бір сағыныш тіреледі алқымға. Күміс еді мұғалімнің есімі Тәрбиесі татушы еді алтынға.
Сол кісі еді менің алғаш ұстазым, Сол кісіден алғаш қалам ұстадым. Жетелеуші ед білім деген әлемге Шарықтатып көңілімнің құстарын.

Баласы едім қолтығы кең көшенің, Ертеңімнен қызықты еді кешегім.. Әріптерді жаттатушы еді тіздіріп Қатар қойып бастауыштың есебін.

Ойыны көп, ойлауы аз баламыз, Шақыратын ойынға көп даламыз. Ол кезеңнің тәлімі де бөлектеу Қимастықпен кейде еске аламыз.

Ол дәуреннің адамы да нар еді, Жүгінгені әдептілік еді, ар еді. Солақай боп туғаннан соң әрине, Сол қолыммен жазатыным бар еді.

Құрбы қыздар күлетінді мазақтап, Жарылуға тұрушы едім аз- ақ қап. Күміс апай сол қолымды жіппенен Белге байлап қоятынды азаптап.

Сөйтті ме екен бірдеңені білгесін, Қаталдау боп көрінетін бұл кесім. «Оң қолыңмен үйрен дейтін оқушым Дос- дұшпан бар, ертең күліп жүрмесін...»

Бұл сынағы жүретінді батып- ақ, (Санамыз да өсті солай сатылап...). Бірақ үйге келгеннен соң еркінмен Солақаймен жазатынмын жатып ап.

Сол кездегі заңы солай мектептің, Баламын ғой қадіріне жетпеппін. Бастауышты бітіргенде қаламды Оң қолыммен ұстайтын жан боп кеттім.

Қайран апай тұрды ма екен жөн сілтеп, Бақыт құсы оң жағынан қонсын деп. Оң жақ деген оңды істердің ұйтқысы Болашағы оңақайлау болсын деп.

Содан бері оң сөз менің ұраным, Сол қолыммен ұсталса да құралым. Құлағанда оң жағыммен жантайып Сүрінгенде оң аяқпен тұрамын.

ДЕГЕН ЕКЕН

гөрі сені жақсырақ көре ме? - деп қалдым. Осының сыры неде? – деп Ғабит Сұлтан мен Ғабиденнің рулық жағынан жақындығын мег-зеп әзілдейді.

Сонда Ғабиден іркілместен:
- Пәлі, Ғабит, сенің соған да ақылық жетпей тұр ма? Сұлтанның пейілі екеумізге де бірдей, оған шүбәң болмасын... Мәселе Сұлтанда емес, мәселе – сен екеумізде болып тұрған жоқ па? Мен телевизорда айқын әрі жарқырап көрінсем, ал сен көмескі, солғын көрінсең – ол екеуміздің бірдей еместігіміздің белгісі емес пе?! Кімнің жақсы, кімнің нашар екендігін - телекамера айны қатесіз өзі-ақ ажыратып бер-ген ғой, - депті сылқ-сылқ күліп.

Алпысыншы жылдардың басында, жаздың жаймашуақ бір күнінде Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Құрманбек Сағындықов және Сырбай Мәуленов Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Сәлімгерей Тоқтамысов басшылық жасап жүрген совхозға қонакка барады. Сәлімгерей кезінде екі облыстың бірінші басшысы болған, кейін жазықсыз қудалауға түскен, әдебиет пен өнер десе ішкен асын жерге қоятын заманының зерделі аза-маты болса керек. Қонақтарды құрақ ұшып қарсы алып, хал-қадірінше күтеді. Күн аптап ыстық болғандықтан ақын-жазушылар түс әлетінде совхоз іргесіндегі каналға барып, салқын суға түседі. Алдында салқын тиіп, аз-дап сырқаттанып жүргендіктен Сырбай суға түспей, жағада отырып қалады. Суға түсіп

Қалмасам деп ең соңында көштің мен, Үміт жібін оң қолыммен естім мен. Тағдыр теріс тартқылады кей кезде Бірақ оңға талпынумен өстім мен.

Адамдықтың құны арзандап санадан, Заңдар шықты бала жайлы жаңадан. Тәрбиенің тәсілі де өзгерді Еш нәрсені талап етпес баладан.

Заңдар шықты бала жайлы жаңадан, Етек кесіп , жеңге әкеліп жамаған: «Теріс туса өзгертуге болмайды Бала өйткені жатырда сол жаралған!»

Жеңді ата- ана мұғалімді зілменен, Баланы орап үлде менен бұлдемен. Әке жеңді- терісінді оң дейтін Бала жеңді оң – терісін білмеген.

Байлық бөліп кедейлікпен араны, Сол жағына ауытқиды таразы. Дәрет алар қолды байлар дәрмен жоқ Қоғам шіркін солақай боп барады.

Теріс айтып бүлдіретін әлем көп, Теріс құлақ, теріс сөзге елеңдеп... «Теріс » бірақ «жаман» нәрсе екенін Өмір - ұстаз келед әр кез дәлелдеп.

Серік ЖҰМАБЕКОВ

ҚҰС ЖОЛЫНДАЙ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН АРТЫНА
Еркін Нұржанұлы Әуелбековке

Уақыт шіркін ес жыйғызбас не деген, Куәсі боп жүрдік істер көреген. Жаны жайсаң, нұрын төккен баршаға, Еркін аға жоқ десе сен сенер ме ең?

Бар арманы-жігерлі ісі халқына, Азамат еді ұстаған өзін қалпында. Торғай елі аңыз қылып жырлайды, Хатшы нағыз, із қалдырған артына.

Мен де бірі еске алатын ағаны, Түсіндірген нені-дағы қабағы. Төл перзенті Қазақстан елінің, Қарт Торғайдың бар екен де таланы.

Дүркіреді Торғай аға келгеннен, Арқалыққа ұмытылмас өң берген. Кіндігінен шыққан Торғай жігітін, Ықыласпен демеген де жол берген.

Еңбек етті, төкті терін жеріме, Назар салды жер астына, кеніме. Іске асты Еркін аға ойлары, Діқан көз салды түсіп жатқан беліне.

Жанарынан қарап әр кез сыр ұққам, Нәр алмайсың қалай ғана тұнықтан. Әділ берген беғасынан жасқанып, Жалтақтайтын талай басшы құныққан.

Жүрген жері ашық анық жарықта, Жетіп келеді амандықпен халыққа. Ақыл-кеңес, ойынды қортып береді, Айта алмайсың жүрген жан деп жорықта.

Азаматын туған жердің қолдайтын, Елді ойлап күндіз-түні тынбайтын. Жағымпаздар жалтаң-қалтаң кездессе, Саналы оймен бетін оған бұрмайтын.

Басшылардың іскерімен дос болды,

Ақылдасса, көңілің шіркін хош болды. Директорлар көрсе «қорған» үйі бар, Ондайлармен келіспеді, өш болды.

Жеміс-жидек бакшаға да өң берді, Түк көрмеген малшы қауым той көрді. Екі-үш күн ұлы Торғай бойында, Демалтуға басын қосып ой бөлді.

Сүйеу қылды Іргебай мен Мактайды, Деген ойы, іске асты, ақтайды. Торғайыма терін төккен ерлер деп, Оларды да халық тегіс жактайды.

Өзбекәлі - өз ісінің шебері, Еркін аға жоспарлы іске сенеді. Мәдениет Торғайыма нық тұрып, Іске асырды музей жасап көнені.

Сәлем берген,аттан түсіп халқына, Бірдей еді, ақ жүректі, жалпыға. Ерен басшы есте қалды мәңгілік, Құс жолындай із қалдырған артына.

«КӨКЕК-АНА»
(Ана атын жамылған пенде еске түскенде, тастанды көкірегі қарыс айрылады)

«Көкек-ана», басқаша қалай айтайын? Мірдің оғын жүрекке тіреп атайын. Қансырадым, қосылдым бірақ қатарға, Іштегі шерді шығармай қалай жатайын? Құрсағында тоғыз ай ғана тұрдым мен, Не болды екен көңіліңді бүлдірген? Бір мезеттік рахаттың арқасы- Бауыр еттен сәл төмендеу жүрдім мен. Жауап берші, батыл болсаң - сан сұрақ, Неге өліп қалмадым екен қансырап? Мені тастап кеткеннен соң бақытың- Түсті ме екен, шыныңды айтшы, алшы нақ. Тірі өлік, пасық ойдан аспадың, Қалай ғана дәтін шыдап тастадың? Түсінбедім, түсіндірші демекпін, Бұл өмірден басқа не еді тосқаның? Айтшы, қәне, туғаннан кейін өптің бе? Суырып алып лақтырып тастап кеттің бе? Шілдехана, ат қою, несін айтайын, Осыдан кейін рахат өмір кештің бе? «Көкек –ана», есінде ме туған күн? Іздейсін бе , осы күні мені шын? Аталы күн, басты қосып сәбімен, Бөлістің бе, құлыныммен қайғы- мұң? «Көкек-ана», тағдырымнан не хабар? Ал анасыз бақытқа кім жете алар? Бабалардың жүрекжарды тілегі, Неге қабыл болмай қалды баталар? «Көкек-ана», көре алмай сені өтем бе? «Анашым!» деген сөзді ілптай кетем бе? «Бесік жырын», ертегі, тілек естімей, Арманда боп тастанды құлын өте ме? « Жетімдер үйі» аялап мені жеткізген, Бал дәуренді өксікпен ғана өткізгем. «Айналдым,құлын, ботакан!» сөзін естімей, От басының жылуынсыз өмір өткізгем.

Бәрі- артта, ызадың шығады сөздерім, Бір Алла - сүйеу, өтті жастық кездерім. Ешкімнен де кем емеспін осы шақ, Уақыт туса- анамды мен көретін. Көп ойландым, көрсем мүмкін кешер ем, Қашпас та едің,әй құлыным десе мен. Ал,болашақ! Төгілсін мерей сәбіге, Нәр алып өссін ананың ақ төсінен! Өмір - теңіз, тағдырлар -толқын шулаған, Сансыз сұрақ еді жанды қинаған. Жауабы жоқ, қанша сұрақ қойсаң да, Ұмытуға өткенді мен жырлағам.

Бәрі- артта, ызадың шығады сөздерім, Бір Алла - сүйеу, өтті жастық кездерім. Ешкімнен де кем емеспін осы шақ, Уақыт туса- анамды мен көретін. Көп ойландым, көрсем мүмкін кешер ем, Қашпас та едің,әй құлыным десе мен. Ал,болашақ! Төгілсін мерей сәбіге, Нәр алып өссін ананың ақ төсінен! Өмір - теңіз, тағдырлар -толқын шулаған, Сансыз сұрақ еді жанды қинаған. Жауабы жоқ, қанша сұрақ қойсаң да, Ұмытуға өткенді мен жырлағам.

Абдолла ЖАНҒАБЫЛОВ

Сарыарқадай кең, дарқан адам емес пе?! Со-сын өзгелерді де өзіндей санап, шетінен мактай береді де! – деп жауап беріпті.

Қазақстан Жазушылар Одағының басшылығына қос Ғабең – Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин екі-екі реттен келгені баршаға аян. (Екі жолы да Ғабитті Ғабиден ауыстырып отырған.) Бірінші хатшылыққа екінші жолы сайланғанда Ғабит Мүсіреповті қаламгерлермен «таныстыруға» сол кездегі Орталық Комитеттің хатшысы Нұрымбек Жанділдин ертіп келіпті. Осылай да осы-лай, сіздерге бірінші хатшылыққа біз Ғабит Мүсіреповті ұсынып отырмыз, соған қалай қарайсыздар? - дейді ғой, ежелгі дәстүр бойынша хатшы топ ортаға ұсыныс тастап.

Жиналған қаламгерлер бірінен соң бірі шығып, Ғабенді жер-көкке сыйғызбай мактай бастайды. Сырбай Мәуленов ол кезде Одақтың партия ұйымының хатшысы екен, бір бұрышта үнсіз отырып қалыпты, соны байқаған Жанділдин:

- Бұл жөніндегі парткомның пікірін білсек деп едік, олардың пікірі қандай екен? – дейді Сырбайға шүйіліп.

Сонда Сырағаң иығын бір қикаң еткізіп, ырғатылып орнынан тұрыпты да:

- Бәрі де жөн ғой... Одаққа бастық болу осы Ғабеннен қалған шаруа емес пе еді?! Бұл кісінің мінезі Памирдің ауа райы секілді тым ыстық та болмайды, тым суық та болмайды. Үнемі жанға жайлы қоныр салқын боп тұрады. Парткомның пікірі осы! – деп орнына қайта жайғасыпты.

Амангелді селосы бойынша ауылшаруашылығы жәрменкесін өткізу кестесі						
№	Округтердің атауы	Сатылатын тауарлар түрі	Жәрменке өткізу күндері	Жәрменке өткізілетін орын	Жауаптылар	Ұйымдас-тырушы
1	Амангелді с/о Қарасу а/о	Ет өнімдері, шөп, көмір, кебек, бидай, балық, картоп және бақша өнімдері.	08.10.2016 ж 12.11.2016 ж	Амангелді селосы	Дихамбаев М Молдашев Б	Ещанов Е.К
2	Үрпек с/о Қабырға с/о	Ет өнімдері, шөп, көмір, кебек, бидай, балық, картоп және бақша өнімдері.	15.10.2016 ж 19.11.2016 ж	Амангелді селосы	Жақыбаев Ғ Оспанбеков А	Ещанов Е.К
3	Байғабыл с/о Құмкешу с/о	Ет өнімдері, шөп, көмір, кебек, бидай, балық, картоп және бақша өнімдері.	22.10.2016 ж 26.11.2016 ж	Амангелді селосы	Тоқтаров Д. Т Айтбаев Д. К	Ещанов Е.К
4	Амантоғай с/о Тасты с/о	Ет өнімдері, шөп, көмір, кебек, бидай, балық, картоп және бақша өнімдері.	29.10.2016 ж 03.12.2016 ж	Амангелді селосы	Ильясов Ж Жумабаева Қ	Ещанов Е.К
5	Ақсай с/о Үштоғай с/о Қарынсалды с/о	Ет өнімдері, шөп, көмір, кебек, бидай, балық, картоп және бақша өнімдері.	05.11.2016 ж 10.12.2016 ж	Амангелді селосы	Алтынсарин Ж Әбдығали Н Абдыхалыков М	Ещанов Е.К
Ескерту: Жәрменкеде сатылатын тауарлардың бағасы нарықтағы бағадан 20-30% төмен сатылуы керек						

ХАБАРЛАНДЫРУ		
«Нұр Отан» партиясы Аманкелді аудандық филиалы ғимаратында 2016 жылдың қазан айында өтетін қоғамдық қабылдаулар:		
Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның тегі, аты-жөні	Азаматтарды қабылдау жүргізетін азаматтың лауазымы.	Қабылдау күні, уақыты
Абдикова Камшат Шоптибайқызы	Амангелді аудандық мәслихаты депутаты	12 қазан – 10.00
Қайрбеков Руслан Мұратұлы	Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы	13 қазан – 10.00
Сыздыкова Айжан Амиркенқызы	«Амангелді ауданы әділет басқармасы» басшысы	13 қазан – 15.00
Қарқабатов Мәжит Бекназарұлы	Амангелді аудандық мәслихаты депутаты	18 қазан – 10.00
Дәуітбаев Бекзада Шайқамалұлы	Амангелді аудандық мәслихаты депутаты	18 қазан – 15.00
Өтегенов Нұржан Қайыржанұлы	Амангелді аудан әкімі «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалының төрағасы	19 қазан – 10.00
Хайруллин Сабыржан Уалиұлы	Амангелді аудан әкімінің орынбасары	20 қазан – 10.00
Сарбозов Марат Мәлікұлы	Амангелді аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы	20 қазан – 15.00
Қойшығұлов Нұрлан Молдашұлы	КММ «Амангелді аудандық әкімінің құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы»	21 қазан – 10.00
Мақтағанова Динара Тоқтарқызы	Амангелді аудандық мәслихаты депутаты	26 қазан – 10.00
Тентеков Аймұрат Базарбайұлы	Амангелді аудандық Прокуроры әділет кеңесшісі	28 қазан – 10.00
Есмағамбетов Рашит Серикбайұлы	Амангелді ауданының орталық аурухана бас дәрігері	28 қазан – 15.00
Жамансарин Айдар Ақтайұлы - Тақырыптық қабылдау «Құқықтық көмек» бойынша 19 қазан - сағат 15.00-де		
Қоғамдық қабылдау мәжіліс залында өткізіледі. Алдын ала жазылу жүргізіледі. Байланыс телефондары: 21 5 28		

2016 жылдың IV-ші тоқсанында «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» ММ жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі			
Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның тегі, аты, жөні	Азаматтарға қабылдау жүргізетін азаматтың лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Телефоны
Сакетов Дауылбай Сәлімжанұлы	Бөлім басшысы	Әр сейсенбі, бейсенбі: 10.00 – 12.00-ге дейін	22-0-50
«Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» ММ сенім телефоны: 22-0-50			

2016 жылдың IV-ші тоқсанында «Амангелді ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» басшысының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау К Е С Т Е С І			
Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның тегі, аты, жөні	Азаматтарға қабылдау жүргізетін азаматтың лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Телефоны
Сакетов Мурат Салимжанович	Бөлім басшысы	Сейсенбі 9.00 – 11.00 Бейсенбі 15.00 – 17.00	21-4-04
«Амангелді ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мекен-жайы: Амангелді ауданы, Б.Майлин көшесі, 14-үй. Сенім телефоны 21-4-04			

ЕСКЕ АЛУ



Сүйікті баламыз, аяулы жар, ардақты әке Уәли Медғат ӘУЕЛБЕКҰЛЫНЫҢ өмірден өткеніне жыл толып отыр. Тірі болса қарашаның 17 жұлдызында 36 жасқа келер еді. Баламызды сағынышпен еске ала отырып, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын деп дұға етеміз.

Адамдар бұл дүниеге қонақ екен, Біреуге өмір сүру шолақ екен. Айрылдық Медғат пен Таңшолпаннан, Жыл болды, өмір шіркін қатал екен.

Бала мен немерені сағынамыз, Пейіштен орын бер, деп жалынамыз. Тірлікте жасап кеткен қылықтарын, Еске алып отырамыз біздер әр кез.

Жұмақта болсын орның құлындарым, Сусындауға бұйыртпады өмір нәрін. Өздеріңді ұмытпай біздер жүрміз, Тілекші ата-анаң мен бауырларын.

Еске алушылар: ата-анасы Әуелбек-Бейбіткүл, жұбайы Гүлнұр, ұлы Рамазан, бауырлары, туған-туысқандары.

ЖЫЛДЫҚ АСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ

Баламыз Медғаттың жылдық асына туыс-туған, көрші-көлемді шақырамыз. Ас 2016 жылы 16 қазан күні сағат 12.00-де «Өтей» кафесінде беріледі.

ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ ҚҰРМЕТТЕЛ ШЫҒАРЫП САЛДЫ



2016 жылдың 29 қазан күні Амангелді аудандық ІІБ-нің ұжымы салтанатты жиын өткізіп, ІІБ ардагерлерін қатыстырып, Амангелді АІІБ-нің кезекші бөлімшесінің кезекшісінің көмекшісі полиция старшинасы **Қанафин Қайрат ӘМІРБЕКҰЛЫН** және көп жылдар бойы ІІБ-де бас есепші болып қызмет атқарған **Нөпірова Раушан САКЕНҚЫЗЫН** құрметпен зейнеткерлікке шығарып салды.

Жиында АІІБ-нің бастығы полиция подполковнигі М.М.Сарбозов және Амангелді АІІБ-нің ардагерлер ұйымының төрағасы Ж.Шошақов құттықтау сөз сөйлеп, өздерінің ақ тілектерін білдіріп, ІІБ-і саласында көп жылдардан бері аянбай еңбек еткендері үшін рахметтерін айтты. Сонымен қатар, Қанафин Қайрат Әмірбекұлына және Нөпірова Раушан Сакенқызына АІІБ-нің ұжымының атынан бағалы сыйлықтар табыс етілді.

С.БИРСЕИТОВ,

Амангелді АІІБ бастығының кадр жұмысы жөніндегі орынбасары, полиция капитаны.

Құттықтаймыз!



ТУҒАН КҮНІҢМЕН, АРДАҚ!

Қадірлі балапаным, Ардақ ДАУЫЛБАЙҰЛЫ! Сені бүгінгі 3 жасқа толуыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Сенің басқан әрбір қадамына қуанып, тілекші болып жүреміз. Денің сау болып, үлкен азамат болуына тілектеспіз! Туған күңіңе мына жыр жолдарын арнаймыз:

Құтты болсын туған күнің құлыным, Желбіресін желдей есіп тұлымың. Елігелді бізді өзіңе әрдайым Балдай тәтті балбыраған қылығың.

Жастан-жасқа аман есен жете бер, Өркен жайып, алға қарай өсе бер. Ата-анаң тілекші ғой қашанда Жүректері соғады тек сен деп бір.

Тілек білдірушілер: ата-әжесі Сәлімжан-Қулаш, ата-анасы Дауылбай-Жансауле, аға-жеңгесі Мұрат-Гүлсара, бауырлары Әділ, Айгүл, Ақерке, Марал.



Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У			
«ОЛЖА» шаруа қожалығы басшысы Х.К. Мухаметжановтың сенімді тұлғасы Қосанов Жасулан Асылханович, кепілдік мүлкті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы Аманкелді ауданы Амантоғай селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізу үшін арналған кадастрлық нөмірі 12-272-034-167, ауданы 2005,0 га, 16.11.2060 ж. дейінгі мерзімге, бөлінетін жер теліміне уақытша ұзақ мерзімді пайдалану құқығын сату бойынша сауда өткізілетіні туралы хабарлайды. Сағып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.			
Сауда 2016 жылдың 17 қазанында, сағат 12.00-де мына мекенжайда болады: Арқалық қаласы, Абай д.43 үй.			
Өтінімдер 2016 жылғы 14 қазанға дейін, жұмыс күндері сағат 17.00-ге дейін сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Абай даңғылы 43, тел. 87026001617			

Амангелді аудандық мемлекеттік мұрағатының қызметкерлері осы мекеменің қызметкері Досова Арайлымға аяулы анасы

Досова Айнагүл АЛИАКАШҚЫЗЫНЫҢ

ұзақ науқастан қайтыс болуына байланысты туыс-туғандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖЫЛДЫҚ АСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ

Ардақты әкеміз **Егіншібай ЖАРМАҒАНБЕТҰЛЫН** сағынышпен еске ала отырып, жылдық асына туыс-туғандарды, көрші-көлем, сыйласқан азаматтарды шақырамыз. Ас 2016 жылы 13 қазан күні сағат 11-де «Елдар» кафесінде беріледі.

Жармағанбетовтер әулеті.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

21.03.1996 жылы туған Сейдин Ринат Серікұлына 27.08.2012 жылы берілген №033877172 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

НОТАРИУС: 04.06.2016 жылы қайтыс болған аз.Сәрсенбай Қадыр Әбжанұлының мұрасы бойынша мұралық іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай облысы нотариаттық аймағының Амангелді ауданы жекеше нотариусы Исмагулова Акмарал Бахытжановнаға Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын (телефон 87144021928).

ҚАРТТАРЫМ - АСЫЛ ҚАЗЫНАМ



Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету - ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыз біз үшін орны бөлек. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер. Бүгін еңбектеріңіздің зейнетін көріп отырған шақта да Сіздер ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емессіздер.

Қарттар күніне орай «Жұпар» балабақшасының ұжымы ата-әжелерімізді құттықтап, сыйлықтар тапсырылды. Қарттарымыздың жүзінде қуаныш ұялап, алғыстарын білдірді. Келешек ұрпаққа ақ тілектерін жолдады.

Гүлнұр Каденова,
«Жұпар» балабақшасының
әдіскері.

«АСЫЛ ЖАНДЫ, АРДАҚТЫ ҚАРТТАРЫМ-АЙ»

«Халықаралық Қарттар күні» мерекесіне орай 2016 жылы 1 қазан күні Үштоғай ауылдық округінің мектеп ғимаратында «Асыл жанды, ардақты қарттарым-ай» тақырыбында шағын концерт және мерекелік дастархан ұйымдастырылды. Степняк және Үштоғай ауылдарының зейнеткерлері мен мүгедектер қонаққа шақырылды.

Степняк және Рассвет негізгі орта мектебінің оқушылары концерт ұйымдастырып, тартымды өткізді. Концерт барысында қонақтарға ас беріліп, үлкен кісілер тілек айтып, баталарын берді.

Қонақтарды және қарттарды Үштоғай ауылдық округінің әкімі Н.Әбдіғали мерекелерімен құттықтап сөз сөйледі.

Мерекелік іс-шара соңында қонақтарымыз көңілдерін көтеріп би билеп, ән салып, естелікке фотосуретке түсті. Кішігірім сыйлықтар алып, зейнеткерлер



алғыстарын айтып, көтеріңкі көңіл-күймен таркасты.

Аталған мерекелік іс шараны өткізуге жергілікті кәсіпкерлер «Жеңісбек» ЖШС, «Нан» ш/қ, «Маржан» ш/қ, «Мирас» ш/қ, «Серік» ш/қ демеушілік жа-

сап, қаржылай көмек көрсетті. Демеушілік жасаған кәсіпкерлерге алғысымызды білдіреміз.

А.САПАРОВА,
Үштоғай ауылдық округінің
жетекші маманы.

АРДАГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КЕШ



Үрпек ауылдық округінде Қарттар күні мерекесіне орай «Асыл жанды ардақты қариялар» атты мерекелік кеш өтті. Ауыл қарияларын ауыл әкімі Ғалымжан Тұрлығұлұлы құттықтап, қарттар мерекесіне жыл сайын аман-есен жете берулеріне тілек білдірді.

Кеш шымылдығын «Елге

сәлем» әнімен Балахмет Серікболсын ашты. Кешті ауыл кітапханашысы Нұржанова Майраш Тұрғынбайқызы жүргізіп, ауыл қариялары жайында фото-сурет көрмесін жасады.

Кеште Жаркенова Жадыра «Мұнайма балам» термесін, Балахмет Заманбек халық әні

«Гүлдариганы», Уалиева Қырмызы «Анажан» әнін, Әлібекова Қарлығаш «Көңіл толқыны» термесін, Ақмырза Аяулым «Айналдым елім» әнін, «Еркеназ» би ансамблі «Қамажай» биін орындап, қариялар өте риза болды.

Концерттік бағдарламаға мектеп ұжымы атсалысты. Ауылымыздың ардагерлер кеңесінің төрағасы Әлмағанбетов Әлімжан ата ауыл әкіміне, әкімшілік ұжымына алғысын білдірді.

«Құлан» тойханасында қарияларға арнап қонақасы берілді. Ауылымыздың ең үлкен қариясы Назар әке қатысушыларға бата берді.

Майраш НҰРЖАНОВА,
қоғамдық тілшіміз.

2016 жылдың IV тоқсанында «Амангелді ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ткоммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларды қабылдау КЕСТЕСІ. График приема физических и юридических лиц в Коммунальное государственное учреждение «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства акимата Амангельдинского района» на IV-квартал 2016 года.

Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның тегі, аты-жөні	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Қабылдау күні, уақыты,	Байланыс телефоны
Койшыгулов Нурлан Молдашович	Бөлім басшысы Руководитель отдела	Әр сәрсенбі күні, сағат 09:00 – дан - 11:00-ге дейін. Кажую среду, с 09.00- до 11.00 часов	8(71440) 21-2-02

«Амангелді ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ сенім телефоны: 21-2-02. Телефон доверия в КГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства акимата Амангельдинского района»: 21-2-02.

Жаңа тағайындау

Наиб-имам Ақжол Жұмабайұлы АБДРАШЕВ

Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының Төрағасы - Бас мүфти Ержан Маямеровтың фатихасымен Ақжол Жұмабайұлы Абдрашев ауданымыздағы Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітінің наиб-имамы болып тағайындалып, іске кіріскеніне бір айдан асты.

А.Ж.Абдрашев 1989 жылы Жанкелдин ауданындағы Қалам-Қарасу ауылында туған. Торғай қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті 2007 жылы бітіріп, Алматы қаласындағы Түрік лицейіне түсіп, шарият факультетінде ислами білім алған.

2010 жылы Ақтөбе қалалық орталық медресеге араб тілі мамандығы бойынша оқуға қабылданып, оны 2014 жылы үздік тәмамдап, Ақтөбе қалалық орталық мешітінде діни қызмет атқарған.

2016 жылы Алматы облысындағы Қаскелең аудандық орталық мешітінде наиб-имам болып қызметке қабылданған.

2016 жылдың 5 тамызы күнінен бастап Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітінің наиб-имамы болып қызмет жасап келеді.

Ақжол Жұмабайұлы аудандық мешітімізге наиб-имам болып келгелі өзін білімділігімен, тәжірибелілігімен, сабырлылығымен, мешіт жамағатымен қоян-қолтық жұмыс істей білу қабілетінің молдығымен танылып келеді. Құран оқу шеберлігі жоғары. Аудан намазхандары оған үлкен сенім артуда.

Ақжол Жұмабайұлы көп ізденеді. Діни білімін жетілдірумен қатар, шығармашылық жұмыстармен де айналысады. Ислами бағытта әңгімелер жазады, өлең де шығарады.

Біз бүгін ауданымыздың жаңа наиб-имамы Ақжол Жұмабайұлы бауырымыздың діни қызметіне ақ жол тілей отырып, төмендегі өлеңін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ТІЛЕЙМІН ҚАЗАҚ ЕЛІ ГҮЛДЕНСІН ДЕП

Қазақтың айтар болсам бүгін жырын,
Төгіп тұр төбемізден Алла нұрын.
Ел азса жүрегінде иман сөніп,
Пенделердің істері кетер қырын.

Қашанда болар жақсы, жамандар да,
Талай өткен ғасырлар замандарда.
Бірлік қылсақ бақытты ел болады,
Жүрегінде иман болса адамдарда.

Дұға тіле, сәждеге құлағанда,
АЛЛА жауап береді сұрағанға!
Барыннан айрылсаң да сабыр қыл! - деп
Айтылған Хадистерде, Құранда да!

Тілеймін - Қазақ төрге өрлесін деп!
Дінсіздік - енді қайтп келмесін деп
Қиындық қасіретті қазақ көрген
Мұсылман елдеріне бермесін деп!

Абай атам, Шәкерімдер жазған шырақ,
Надандықтың дауылымен сөнбесін деп!
Елбасы қазақ деген көшті бастап
Тілеймін - Қазақ елі гүлдесін деп!

«Бақытты балалық шақ мекені» мектепке жол акциясы

«Не берсенде балаға бер, бала үшін жаса» - деген халқымыздың дәстүрі қазіргі кезде қайырымдылық қоғамдарының іс-тәжірибелерімен жалғастырылып келеді. Ел болып етегімізді жиғалы бері жан жылуына зәру қандастарымыз бен қарлығаштарымызға Елбасынан бастап барша азаматтар барынша демеушілік жасауда.

Осы жолда 2016 жылы «Мектепке жол» атты республикалық қайырымдылық акциясы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Бақытты балалық шақ мекені» атты ұранымен ұйымдастырылуда. Акция мектебіміз Ә.Боранбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында өтіп жатыр. Онда аз қамтылған, көп балалы, ата-ана қамқорынсыз қалған оқушыларға аудан мекемелері, Ә.Боранбаев атындағы орта мектеп мұғалімдері, жеке кәсіпкерлер Байзақов Мадияр Сәруәрұлы, Мағзұмова Лиза Өміртайқызы осындай мектебіміздің оқушыларына қол ұшын беріп көмек көрсетті.

Осы «Бақытты балалық шақ мекені» «Мектепке жол» акция барысында жүрек жылуын шашып, аялы алақандарын созып, адамдық мейірімділік пен жомарттық танытып, көмек көрсеткендері үшін осы аталған мекеме ұжымдарына, жеке кәсіпкерлер отбасына бақ-береке, шаттық-қуаныш, жанұяларына бірлік тілеймін.

Ә.ӘБДІКОВА,
Ә.Боранбаев орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

АМАНКЕЛДІ АРАЙЫ

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы ЖК. Газет 2016 жылдың 15 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінде тіркеуден өткізіліп, серия 3920 №0000415 куәлігі берілді. Редакция оқырман хаттарына, жарнама мен хабарландырудың мәтініне жауап бермейді, оларды қайтармайды. Газетте жарияланған автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1800 дана. Тапсырыс - 2070

Тарихи анықтама: газет 1935 жылдың 15 маусымынан бастап шығады. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Аманкелді арайында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгертіп, сілтемесіз басуға болмайды.

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2 - қабат, 201 - 202 бөлмелер. Телефондар: (8714-40) 2-38-10. 2-10-57

Газет Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі №16, «Қостанай-полиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.